


1 2008
3632

Нурғожа ОРАЗ




4



Нүрғожа ОРАЗ


Көп
ТОМДЫҚ
шығармалар
ЖИНАҒЫ



Төртінші
ТОМ



Алматы
“САНАТ”
2007



*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат
министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің
тапсырысы бойынша шығарылып отыр*

Ораз Нұрғожа

О-65 Көп томдық шығармалар жинағы.: - Алматы:
«Санат», 2007. - 464 б.
4 том.

ISBN 9965-664-57-9


Көрнекті ақын, жазушы, публицист, қоғам қайраткері Нұрғожа Ораздың бұл кітабында қазақ әдебиетінің теориясы, қазақ даласында қалыптасқан жыраулық пен ақындық, жыршылық, термешілік және сал-серілік туралы сөз болады, оларға терең талдау түрінде анықтамалар, түсініктемелер беріледі, сондай-ақ, автор Абайдан бастап өзге де ұлылар мен белгілі ақын-жазушылар жайлы, заманымыздың қалам қайраткерлері туралы, театрдың өнер тарландары жайлы әр жылдарда жазған мақалаларында олардың шығармаларына теориялық тұрғыдан талдау жасайды. Бір ерекше ескеретін жағы – кенестік кезеңдегі әдеби талдау мен Тәуелсіздіктің берік тұғырынан қарап, сол өткендегі коммунистік идеяны бүгінгі шыншыл, адал баға берумен салыстыра қаралады. Сонымен екі дүниенің тұрпаты екі басқа екендігі айқындалады. Естеліктерінде де ұлыларымыз бен ардагерлеріміздің бейнелерін айқындайтын детальдар тауып оқырмандарын сол төніректегі жаңалықтармен таныстырады. Автор әлдекімдердей өзі жазып отырған ұлыларға тетелесе көрінуді мақсат тұтпай ағаларының алдында кішілігімен, кісілігімен танылады.

О-4702250200-03
416 (05) - 07 02-07

ББК 84 Қаз 7

ISBN 9965-664-57-9
ISBN 9965-222-09-6

© ЖШС «Санат» баспасы, 2007.



АЛҒЫ СӨЗ

Әдебиет теориясы – кең ауқымды үлкен тақырып, маңызды мәселе. Бұл орайда ең алдымен айтарымыз – әдебиет теориясының бізге батыстан орыс әдебиеті арқылы келгендігі. Ал, біздің теорияшыларымыз негізінен сол орыс тіліндегі теориялық кітаптарды қазақшаға аударды, кейбір терминдерге өздерінше баламалар тауып, «қазақ әдебиеті теориясының» жаңаша терминдерін жасады, оларға әр жанр бойынша мысалдар келтірді.

Бұл орайда туындайтын өзекті бір сауал – батыс әдебиетінің қалыбына, сыртқы түр, ішкі мазмұн қалпына симайтын біздің жырауларымыздың туындыларын ол теория бойынша қалай талдауға болады? Шешендік сөздерді батыстың қай теориясына жатқызамыз? Термелерді батысша қалай атар едік? Сал, серілер қай теориямен нақтыланады? Өйткені, шешендік сөздер өлеңдік өлшемге симайды, желілі өңгімеге келмейді, ал батыста соның бәрінен биік тұратын сөз тұлғасы жоқ. Қазақ билерінің фәлсафалап айтатын сөздерін әдебиеттің қай жанрына телуге болады? Шешендердің өмір саласын ой тасқындары мен шендестіре төкпелеп келетін қуатты сөздерін батыс әдебиетіндегі теорияның қай қалыбына сиғызамыз? Осындай сауалдар толып жатыр.

Жалпы, біздің халқымыз жыршы мен жыраудың кім екенін, ежелден айқын ажырата білген, ақынның кім, жоқтау айтар жақынның кім екенін мысқалдап өлшегендей өзді-өзінің орнында нақтылы айтқан, олардың атауларын да қалт кетпейтіндей өзгеріссіз атап көрсете білген. Халық дәстүрі бойынша салдың кім, серінің кім екені де дәл солай бір-бірімен әсте шатастырылмайды. Оларға өнері, мінез-құлқы, киім киісі, ел ішіндегі алар орыны ескеріле отырып, сол ерекшелігіне орай атақ берілген.

Тегінде, біздің әдебиетіміз де, мәдениетіміз де, музыкамыз да әлі күнге дейін өз деңгейінде тәуелсіздігімізге сай жаңаша зерттеліп, қажетті жобаға түсіп болған жоқ. Оның ең негізгі себебі – жоғарыда айтқанымыздай, батыстың шылауынан оның өзінде орыс тілінен аударылып келген дәстүрінен шыға алмай жүргеніміздің салдары. Ал, бұрынғы қазақи ғұрпымыз кеңес кезінде ұзақ жылдарға үзіліп қалып, қайта жалғасқан тұста, яғни бүгінгі ұрпағымыз үшін сол әдебиет, мәдениеттің әрқайсысына заңдастырылған түрде анықтама керек екені әбден байқалуда. Сондықтан қалың оқырманға ұсынылып отырған бұл кітапта сондай-сондай бірқатар өзекті мәселелерге шолулар жасалады.

Бұл айдыны кең, айтары мол дүниеге біз 1991 жылы «Сарыарқа» журналының алғашқы саны шыққанда-ақ жаңа дәуірдің дариясына тәуекелдің желқайығын салған едік. Әдебиетті теорияландыру Кеңес кезінде қолға алынғаны белгілі. Олай болса осы ғылымның өзі социализм базисінің бір айтулы қондырғысы. Сондықтан да ол социализмге – коммунистік режимге қалтқысыз қызмет етіп, оның «тәрбиеші» рупоры болуы заңдылық. Міне, осыдан келіп «социалистік реализм» атты қалыпқа салып «құйылған» әдебиеттің барлық жанрын бақылаушы айбынды күш – әдебиет теориясы, әдебиеттану ғылымы, әдеби сын деген кереметтер шықты. «Сын түзелмей мін түзелмейді», «коммунистік идеологияның мақсатын әдеби туындылар насихаттайды» деп әлсін-әлі дабыл соғып, шың қағып жатты. Сол даурықпа ұран үдей келе қазақтың дарын иелерін бір-біріне айдап салу арқылы айтыс-тартыс туды. Коммунист басшылар «міне, нағыз идеология майданы осылай бір-бірін аямай сынау болмаққа керек» – деп қол соқты.

«Социалистік реализмнің» құрсауында жүрген нағыз дарынды ардагерлеріміз шыншыл бетін көрсетсе айдалып, атылып жатты, сын садағына кезігіп, жан жарасына тап болды. Сөйтіп жүріп-ақ ежелден сөз қадірін асқақтатқан аға ұрпақ кеңес құрамындағы басқа

халықтардан қалыспай, біразынан асып түсіп, Абай бастаған жазба әдебиетті асқақтатты. Дегенмен, идеологиялық тұсау кібіртіктетпей қоймады. Ақты қара дегізді, тексізді текті дегізді.

Әдебиет теориясы, әдебиетті зерттеу, әдеби сын коммунистік режимнің қолшоқпары болды. Соны көріп өскен біздің тұрғыластарымыздың көбі бойына сіңіп қалған сол «аурудан» әлі күнге айыға алмай жүр. Біз шамамыз келгенше сол дертке дауа іздемекпіз, яғни әдебиетке, мәдениетке тәуелсіздіктің биік тұғырынан шолу жасамаққа ұмтылдық.

Екінші жағынан, бұл кітапқа өнген ертеректе – Кеңес дәуірінде жазылған әдеби сын-туындылар бар. Біз ол жазбаларды Кеңес дәуіріндегі ойлау жүйесінен өзгертпей әдейі сол күйінде бердік. Ондағы ойымыз – бүгінгі ұрпақ кешегі бағынышты идеология кезіндегі әдебиетті насихаттау порымы қандай болғанын көрсін деген ұстаным.

Және бір мақсатымыз – әдебиетіміздің, мәдениетіміздің майталмандарын өзіміз аңғарған артықшылығымен халқына қалай қызмет өткенін көрсету. Ол бір жағынан сол ардагерлердің туындыларын талдау арқылы айтылса, кейбіреулерінің өзіміз куәгер болған тұстағы ерекшеліктерін көрсету арқылы суреттеліп іске аспақ.

Бір ескертер пікіріміз – бұрын да тарихи, әдеби, мәдени мақалалар, көсемсөздер жазған авторлығымыз бар. Солардың біразына сұғанақ қолдар қиянат жасады. Мазмұн, идея, тақырып сияқты жағынан да тиісіп, жиендік жасап жүргендер бар. Сондықтан осы кітапқа өнген материалдардың қашан, қай басылымда жарияланғаны газет-журналдарда сақталғаны бойынша көрсетіліп отырады.

АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНЕ АНЫҚТАМА ҚАЖЕТ

Біздің қазақ ауыз әдебиетінде теориялық ғылыми анықтама беріліп, оның әдеби жанрлары реттеліп жүйеге түсірілмеген көп дүние бар. Олай болатын себебі – жалпы қазақ әдебиетінің теориясы батыс әдебиеті теориясының, оның ішінде орыс әдебиеті теориясының көшірмесі, көлеңкесі ретінде қазақ әдебиетінде қайта жаңғырып, ғалымдар уақыт өтіп авторлар жаңарған сайын сөзі ғана өзгеріп, ғылыми анықтамалары сол күйінде қолдан қолға өтіп келеді. Баяғыда – қыркыншы жылдарда жазылған профессор Қажым Жұмалиевтің теориясы Л.И.Тимофеев теориясының қазақшаланған түрі болатын. Сондағы жанрларға берілетін ғылыми анықтамаларды қазақшаға аударып отырып, оған қазақ әдебиетінен мысалдар, дәлелдемелік өлең шумақтарын, прозалық айғақтарын келтіріп отырды.

Одан кейінгі әдебиет теориясын қайта жазғандар да сол батыстық сүрлеуден асып, сол шеңберден шығып кете алмады. Өйткені олардың теориясы әдебиет ғылымындағы іргесі бекіген, бұлжымайтын ғылыми канон болып қалыптасқан еді. Кейіннен жазған ғалымдардың алдыңғыдан айырмашылығы дәлелді толықтырып, анықтаманы нақтылай түсті. Дегенмен, сол толықтырудың өзі: «поэзия дегеніміз – қыздың қос бұрымындай, төгілмелі судай...» деген сияқты нақтылы ғылыми терминнен гөрі жалтылдақ сөздермен сыпыртып өтешіғатындары да болды. Қайткенде де батыстық әдебиет теориясының шеңберінен шыға алмай, соны айнала береді, айнала береді.

Бұл мәселені қазымырлана айтып отырғанымыз – жазба әдебиетіміз жасалып, ауыз әдебиетіміз бар шамашарқымызша жиналып (көп дүниеден құр қалсақ та), олар жайлы әдебиеттану ғылымы көркем әдебиеттегі жеке айшықтарды теориялап талдау жасағалы жетпіс-сексен жылдай уақыт өтті. Бірақ біздің әдебиетіміз де, мәдениетіміз де, музыкамыз да әлі күнге өз деңгейінде зерттеліп, қажетті жобаға түсіп болған жоқ. Оның ең

негізгі себебі — жоғарыда айтқандай батыс шылауынан шыға алмай жүргеніміздің салдары. Ал әлемдік ғылыми каноннан ауытқу — кеңес кезінде, қазақтар үшін болмайтын құбылыс, ол дегеніңіз бір жағынан ұлттық «менді» жанғырту — оның түбі ұлтшылдық. Екінші жағынан қазақтың әлдебір «болымсыз» «ерекшеліктерін» іздеу — надандық, нағыз ғылымнан ауытқығандық.

Ал, біздің музыкамызды зерттеуші Ерзакевич болса қайтты. Ахмет Жұбановтың орасан зор еңбегі халық музыканттарын өмірімен қоса жинау, реттеу, қалыпқа келтіруге арналды. Ал жалпы музыканы түбегейлеп, діттеп, жанрлық теориясымен зерттеу өз алдына үлкен дүние.

Оның негізгі себеп-салдары — біздің мәдениетіміз, әдебиетімізбатысқада, шығысқада қосылмайтын көшпелілер цивилизациясы (өркениет — цивилизацияның жан-жақты, ауқымды мағынасын бере алмайды, этимологисы түсініксіз сөз, сондықтан оны әдейі қолданбай, барша әлемге ортақ болып кеткен терминді сол күйінде пайдаланып отырмыз) болғанын ұмытып кетуімізден, яғни кенестік өр көкіректер ұмыттырып жіберуден. Көшпелілер цивилизациясын мақтай бастасаң өзіңе көзі шегірейіп қарайтындар немесе күле қарайтындар маңайымызда толып жатыр.

Ал шындығында көшпелілер тіршілігі мәңгілік еді де, батыс-тың цивилизациясы қазір адамзатты құлайтын жардың жағасына (катастрофаға) әкеліп, апатты төндіріп қойғанын өмірдің әр саласында көріп, үрей болып жүрміз. Әрине, қарттарымыз «адам үш күннен кейін көрге де үйренеді» дегендей, өзіміз белортасында жүргеннен кейін көп дүниені елеп-ескермейміз. Әйтеуір бүгінгі күнді өткізсек ертенгі күн келеді, бүгінгі бұйырмағанды ертен аламыз деп өмір ағысымен кетіп барамыз. Сондықтан да көшпелілер дүниесі мен батыс дүниесін салыстырып, оның арасынан әділін анықтайтын пікір іздеп жатпаймыз. Бұл өз алдына үлкен дәлелдері бар социалдық ситуация.

Біздің айтпағымыз — әлгі бір-бірінен мүлдем басқа екі дүниенің ішіндегі әдеби, мәдени өзгешеліктері — жоғарыда айтылған батыс әдебиет теориясының ауқымына сымайтын қазақ ауыз әдебиетіндегі қаншама жанрлар бар.

Солар теориялық тиянақ таппай әлі күнге аралас-құралас бодығып келеді. Бұрын казак атам өнердің, ауыз әдебиеті жанрларының қайсысына болса да дәлме-дәл келетін ат қойған және оларды бір-бірінен айқын ажырата білген. Ол көшпелілер цивилизациясының іргесі шайқалмай нық тұрған кезі еді. Қазір казактың бұрынғы ұғымы алыстап артта қалған сайын ара жігін ажыратып алғысыз жанрлық түр-тұлғалар сапырылыса түсуде, оған төрелік айтып ағын – ақ, қарасын – кара дейтін ғалымдар суырылып шыға ал-май жүр. Өйткені, біз жоғарыда айтқандай көшпелілер мәдениетінің өткенін түгел ұмыттырып, ол жайлы сөз қозғағанды артта қалған надан дейтін көзқарас та кедергі жасауда.

Айталық ауыз әдебиетінде **жыраулық** жанр бар, ол осы күнге дейінгі әдебиет теориясындағы ешбір өлшемге келмейді. Соған тіркес **ақындық** өнердің туындылары бар. Осы екеуіне жалғас, яғни екеуінің мұрасын жатқа айтатын **жыршылық** өнер бар, әрі осы соңғысына ұқсас **термешілік** өнер иесі бар. Біздің бүгінгі өмірімізде осы төртеуі бодығып аралас-құралас қолданылып жүр. Яғни әдебиет теориясында соларға арнайы жеке-жеке тоқталып, анықтама берілмегеннен кейін бүгінгі олар жайлы жазбаларда бірінің орнына бірі айтылып, мүлдем шатасып кетті. Әбден белең алып кеткен соң солар жайлы айтылған анық сөзіннің өзі далаға кететін тәрізді. Тіпті соның жөнін айтсаң да жұртты көндіру онай болмас. Ең қиыны – ұмытылған дәстүрді қайта жаңғыртып, жұртты мойындату. Бұл өзі алғашқы бағытынан айырылған соң жүйеге түспей бос, еркін жайылған су тәрізді бетімен, бейберекет кеткен ұғымды тежеп, бір ғылыми арнаға түсіру аса қиын.

Қазақта жоғарыда айтылған өнердің төрт саласынан басқа, яғни ақындық, жыраулық, термешілік, жыршылықтан басқа батыс әдебиет теориясының шенберіне симайтын шешендік сөз, билер сөзі, поэзиядағы әзіл-оспақтар, кәдуілгі өлеңнің өзіндегі өтірік өлең, жансыз өлең т.б. түрлері формалық жағын айқындап, теориялық анықтама беру бір жүйе, мазмұндық ерекшеліктерін талдау қаншама әдебиеттік теорияны қажет етеді десеңізші?

Оған коса музыка мен поэзияның астасуындағы терме түрлерін зерттеу де ғылымның араласуын күтуде. Күй өнеріндегі акжелен, теріскакпай, косбасар, балбырауын т.б. жанрларды ажыратып талдау да қажет-ақ. Бір үлкен күйшінің «Қызак желен» деген күйі сөз болса, ойдан шығарылған әлдебір аңызды алдына тосып, пәлен деген қыз болған екен дей бастайды. Шын мәнінде қыз тәрізді сыпайы ақ желіспен тартатын күйдің түрі әркімде-ақ баршылық. Осы жайларды шамамыз келгенше шолуды мақұл көрдік.

ЖЫРАУ, АҚЫН, ЖЫРШЫ

(«Сарыарқа» журналы, 1991 ж. № 1,)

Мұндай мақалалар біздің тарапымыздан бұрын да жазылған, бұл жолы сол тақырыпқа қайта оралып, кей деректерді анықтай түсіп, толықтырып, кітапқа ұсынып отырмыз. Бұрын кеңес кезінде әдебиеттегі құбылыстар уақыттың ғасырлар құрған пердесімен сәл көмескі тартса, «бұл халықтың қиялынан шығарылған» деп бірақ қайыра еді. Ал, енді бүгінде...

Шындығына келгенде «халық айтса қалт айтпайды» дегендей аңыздағылардың бәрі тарихта болған адамдар. Тек ғылыми зерттеулердің әлсіздігінен, ғалымдардың аяқ-қолын тұсап, аузына қақпақ салып қойған «социалистік реализм» дейміз бе, тоталитарлық режим дейміз бе, әйтеуір цензура бой жаздырмай, одан қалса коммунистік идеологтар ауыздықтап ғылымның тереңіне жібермеді. Орыс әдебиетінің жанрлық зерттелу ауқымынан асып, тереңге бойлап кету қаупті болды.

Сөйтіп, елуінші жылдарда, «хандық құрылысты аңсау» деп тарихтағы Кенесары көтерілісіне орыс, қазақ коммунистері қырғидай тиіп жатқан кезде сол коммунистік сүзгіге түсу қырсығынан «Қарақасқа атты Камбар батырдан» басқа жыр атаулыдан жұрдай болған

казактың арғы әдебиеті әлі де етек-жеңін жинай алмай, бұрынғы қалпына келтіру жүйелі дамымай келеді. Мысалы: «Ел камын жеген Едіге» барша көне мұраға сталиндік шабуыл тұсында – отызыншы жылдарда – сол Едіге қарап жүрмей Мәскеуге шабуыл жасағаны үшін «репрессияға» ұшыраған еді, сол ел камын жеген батыр туралы жыр сексенінші жылдардың аяқ кезінде Қазан қаласынан татар тілінде жарыққа шықса, көне жырлардың бірі саналатын сол жырдың екі-үш варианты академиялық талдау жасалып казак халқымен әлі күнге қайта табыса алмай жүр. Біздің жоқтап отырғанымыз – жыр кейіпкері Едіге. Ал, тарихи Едігені жанаша демократиялық тұрғыдан қарап, түркі халықтары үшін тұлғалы батырды өз орнына қою – тарихшы ғалымдардың қара қылды қак жарар әділдігін күтуде. Жарайды, әлеби, тарихи Едігелердің күні де туар, ол жайлы әңгіме, зерттеме өз алдына бір жүйе.

Бұл жолы біз жыр кейіпкері емес, сол жырды тудырушы өнер иелері жайлы сөз қозғауға тәуекел дедік. Оның ішінде әңгіме етіп, жалпы жыраулық, акындық, жыршылық өнерлерінің ара жігін анықтауды мақсат тұттық. Қазак өнер аламдарын даралағанда, олардың қай өнердің өкілі екенін анықтағанда мысқалдай ауытқуы жоқ, дәл айтқан ғой. Өнердің өзіндік ерекшелігін қалай ажырата білсе, сол өнермен айналысушы адамды да өз орнына қойып, тура мамандығы бойынша атаған. Өйткені сол терминнің, сол терминге байланысты өнердің иесі халықтың өзі. Өзі жанрдың атын ойлап шығарып, сол терминге орай өнерді тудырып, дамытып отыр. Оның өкілін де өз арасынан шығарып отыр.

Бір әттеген-айы сол мәдениет, сол дәуір Кеңес заманында үзіліп қалды да кейінгі ұрпак ол өнерлердің бітім-болмысын бірін-бірімен алмастырып алды. Мәңгүрттенген жұрт акынды жыршы деп, жыршыны жырау деп шатастыруды шығарды. Олар жыраулықтың бір тегеуірінді күші барын сезеді де, мақтаймын деген адамын соған апарып теңейді. Осы себептен де біз қазак ауыз әдебиетіндегі өнер иелерін жіктеп, сөз өнеріндегі жанрлық аталуына, сыртқы формасының ерекшелену түріне қарай даралап көрсету парызын

қолға алып отырмыз. Әйтпесе, өлеңнің бәрі өлен, оны айтушының бәрі ақын, бәрі жырау деп қоғамдағы орны, жыр тудырудағы мақсаты, тәсілі, сөз пәрменділігі, сол арқылы қоршаған ортасының оларды қабылдау дәрежесі сияқты алуан қасиеттеріне жеке-жеке анықтама берілу арқылы атау, құдіретті, кестелі сөздерін саралап көрсетіп, жырау мен ақынды бір-бірінен шығармашылық үлгісі, болмыс-бітімімен сөз саптасына орай мектебі, үлгі-өнегесі болғанын анықтап, жыраулар жырау күйінде, ақындар ақын күйінде, жыршылар жыршы күйінде айқын ажыратылып көрсетілуі керек.

Сөз өнерін биік мақсат тұтынған қазақ халқы осы өнерді тудырушыларды да әрқайсының ерекшелігіне қарай оларды, бір-бірінен ажыратып атай да білген дедік. Сөз өнерін қалай жіктесе, оны тудырушы дарын иелерін де жік-жігімен ерекшелеп атаған. Мысалы, әнші, домбырашы, биші деген өнер иелерін бір-бірімен шатыстыру мүмкін емес қой. Сол сияқты жырау, ақын, жыршы сияқты атаулардың иегерлерін де бір-бірімен шатастыруға болмайды. Халық баяғыда оларды өзді-өзінің орнында тани да білген, еркін ажыратып атай да білген. Былайынша айтқанда бұл атаулар ғылыми термин деуге болады. Өйткені осы уақытқа дейін бұл тұлғалы екі-үш өнер өкілдері өзара ажыратылмай жырау да жырау, ақын да жырау, жыршы да жырау болып, кейбіреулер білместікпен, кейбіреулер мән бермегендікпен оларды бір-бірімен шатыстырып жүр. Бүгінде батыстық өркениетке жеткен қазақ сияқты елдің білімді ұрпағы үшін өз халқы әдебиетінің жанрын ажырата алмауы ұят-ақ. Бұдан әрі ботқаландырып, қойыртпақтандырып араластыра беру әдебиет теориясы саласында сауатсыздық болар еді.

Әдебиетіміздің теориясы батыстың, орыстың әдебиет теорияларының көшірмесі тәрізді. Солардың әдебиетті жүйелеу әдісін басшылыққа алады да солардың қалыбына салып ғылыми тұжырымдар жасайды. Ал, қазақ әдебиетіндегі жыраулар шығармашылығы, олардың мәңгілік болып келе жатқан асыл қазыналары батыстың қай әдеби жанрына сияр еді. Шешендік сөздерді қай жанрдың аясына сиғызбақ? Сол сияқты ауыз

әдебиетіміздегі өзге де түр-тұлғасы ерекше мұралар бар, олар да нағыз казактық жаңа теорияны қажет етеді.

Бұл қалам ұстартудың екінші жағы егіз туған екі халық ноғай, казак жұртының көне мұралары, ортақ қазыналары ішінде ұлы жыраулардың ұлағатты сөздерін, казакша шығып жатқан кітаптарда жарияланғандарын, жарияланбағандарын, ендігі басылымдарда өмірбаяндары мен жырларының туу тарихын қоса молырақ танитындай болсақ деген тілек төңірегінде сөз еткелі отырмыз.

Әрине, жылдар, ондаған жылдар да емес, ғасырлар араға түскеннен болар, бағы заманғы айтылған сөздер сағымданып көмескі тартқан жайларын байқауға болады. Жыраулар сөзінің сорабы ғана қалған жерлері бар, бітімі сом алтын тұстары сол күйі дерлік сақталған, біраз жерлері өзгеріп, түсінігі тұманданған. Сөйтіп Ақансерінің «Қараторғайындағы»:

*«Қолда өскен кішкентайдан қарағым-ай,
Айрылдым қапияда сенен нағып?» —*

делінген ақын сөзін кейінгі айтушылар:

*«Бірге өскен кішкенедең сәулем едің,
Айрылдым қапияда сенен нағып?» —*

дегеніндей, қыран құстың қызға айналғаны тәрізді жайларды да байқап қаламыз. Дегенмен, осы өнердің тұлғасы бөлек. Ол үшін осы жыраулар мектебіне, олардың өзге ауыз әдебиетінен өзгешелігіне өз түсінігімізше ой жүгіртелік. Олай дейтініміз нағыз жыраулар бейнесін, олардың батырлардың бес-аспап қарумен қатар сөз өнерін қоса сілтейтін үлгілерін замана көшімен алыстап, ғасырлар сағымына сінген жыраулық дәстүрді соңғы кезде жеңілдетіп, — қайталап айтамыз — ақын да жырау, жыршы да жырау атанып бара жатқандығы байқалады. Рас, көзі тірі кезінде маңайдағы колпаштаған ортасы жырау атандырып жіберген мықты ақындар болуы мүмкін. Бірақ, бүгінгі салауатты ұрпақ соның ара жігін ажыратып, әркімді өзді-өзіне тиісті лауазымымен атағаны жөн.

«Ақындық, жыраулық бәрі бір емес пе, неге бұл екі термин ажыратылады?» деген сұрақ тууы мүмкін. Ие, сырттай қарағанда солай, ал, осынау сөз өнерінің сыртқы формалық, мағналық, дәстүрлік екі бағытта айту тұлғаларына үніле қарап, олардың сөз астарын абайласақ, әсіресе жыраулар мектебін зердеден өткізсек, үлкен айырмашылығына көз жетеді. Екі үлгіні өз ерекшеліктерімен талдап, танып жанрлық даралықтарын айқындасак, әдебиетіміздің жанрлық ауқымын да кеңейте түседі. Екі мектептің өнер қайраткерін даралап, ішкі тегеуірінділігінің сөз саптастағы сыртқы формасының ара жігін айқындасак ақиық ақындардың айтқырлық дәрежесін төмендетпей-ақ жыраулардың топшысы тегеуірінді екенін аңғарамыз. Олардың сөзіне ісі сай, батырлар ұстар бесқаруымен бірге сөз күдіретін де таныта білген айбынды жандар екенін байқаймыз.

Ал енді олардың туындыларындағы сыртқы формасы жайлы айта кетсек — жыраулар өленінде ырғағы артық жолдардың алғашқы сөздері екпінсіз біркелкі айтылады да соңғы бунақ, әсіресе ұйқаска келіп тұрған бунақ екпін түсіріле, анықталып оқылады (айтылады).

	Ұйқас	буын	бунақ
<i>Жоғары қарап оқ атпа,</i>	а	8	(5+3)
<i>Жуық түсер қасыңа.</i>	ә	7	(4+3)
<i>Жаманға сырыңды қосып</i>			
<i>сөз айтпа,</i>	а	11	(3+5+3)
<i>Күндердің күні болғанда</i>	б	8	(5+3)
<i>Сол жаман айғақ болар басыңа</i>	ә	10	(3+4+3)

Алғашқы үш жол «ж, ж, ж» — аллитерация.

Буын, бунақтарға қоса — айтылар ойдың ен негізгі сөзі ерекше, жатық, екпін түсіріле айтылуы заңды. Мысалға келтірілген шумақтағы негізгі ой соңғы тармақта (жолда) тұр. Яғни осы тармақ ыждағатталып оқылуы (айтылуы) қажет.

Енді бір сәт екі өнердің өкілдерін замана көшінен іздеп көрелік.

Біз сөз етіп отырған жыраулар ақындарға қарағанда сан ғасырға сүнгіп әріге кетеді. Сонау замана көшінде ат

ізі қалмаса да сөз ізі сақталған. Сыпыра жыраудың есімі жеті ғасырға жетіп отыр. Не деген өміршен өнер иесі! Рас, жыраулармен бірге бізге жеткен Құтан (бір деректерде Кодан) ақынның есімі Жанактың айтыс үстінде туған бір шумак өлеңінен белгілі.

*Ертеде Арғын — ата болған зерек.
Өзгеден ол кісінің жөні бөлек.
Арғынның түп атасы ақын Құтан
Өлеңге бізден ұста болса керек.
Бірақ оның есімі бізге жеткенмен өз атынан айтылған:
Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным!
Сексен асып таяғанда тоқсанға
Тұра алмастай үзілді ме жұлыным!
Адасқанын жолға салдық бұл ноғайлы ұлының!
Аққан бұлақ, жанған шырақ жалғыз күнде құрыдың.
Қара қыпшақ Қобыландыда нең бар еді, құлыным! —*

деп келетін алты жолдық өлеңінен басқа мұра сақталмаған. Дегенмен де Сыпыра жырау мен Құтанның өмір аралығы екі ғасырға жуық алшақ. Осы Құтан есімінен өзге ақынды арғы ғасырлар түкпірінен кездестіре алмаймыз.

Дегенмен М. Мағауин «Қобыз сарыны» атты кітабында Жошының өлімін Шыңғысқа естіртуші найман Кетбұға ақын (71 бет). Х. Сүйіншалиевтың «Қазақ әдебиетінің калыптасу кезендері» атты кітабында (71 бет) Ұлық жыршы (кей деректе Аталық жырау емес ақын болуға тиіс). Ал Аталық та Жошы өлімін естіртуші. Жоғарыда айтылған Құтанды (XV ғасыр) ақын деп алсақ, М. Мағауиннің кітабындағы «ақындық жыраулық аренадан кеткен кезде келді» («Қобыз сарыны» 129 бет) деген қағидасын теріске шығарады.

Енді жыраулық жайлы біздің тағы бір түсінігімізді, яғни оларды ақыннан ерекшелеп тұратын негізгі өзгешелікті айталық. Бірінші көзге ұрып көрініп тұратын ерекшеліктері — олар жыраулық айтқырлыққа қосымша батыр адамдар немесе батырлыққа бергісіз батыл болған тіл ұстасы. Жырлары ат үстінде, жорық кезінде қысылыс шақта

туады. Сондықтан олар туындыларында ақын өлеңіндегідей жымдасқан ұқсасты, ырғақтың тапжылмас біркелкілік заңдылығын сақтап жатпайды. Негізінен айтар сөзі кесек ойға, бір сәттегі бірегей замана құбылысын ой түйдегімен танытуға арналады да, ақындар ұстанған бұлжымас ырғақ, ұйқас заңдылығын белінен бір басып жүре береді.

Ал, ақындар болса, бейбіт күнде, топтың алдында домбырасының құлақ бұрауын даусына келтіріп алып, белгілі бір мақаммен өлеңдетіп айтады. Мақам дегеніңіз ырғақ қалыбынан әсте сыртқа шыға алмайды, сондықтан өлең бастан-аяқ біркелкі буынға құрылған жолдар, шумақтар болып келеді.

Жыраулар көбіне ат үстінде, қолма-қол оқиғаның бел ортасында найзағай сөзді дауыстап тақпақтата, билер тәрізді сәмпылдата декламациямен айтады. Оларға домбыра тартып, мақам іздеп жататын уақыт та жоқ. Сондықтан ұрандатқан көсем сөздерді төгіп-төгіп тастау шарт. Өйтпесе ұтылады. Соғыс үстіндегі, айқас кезіндегі уақыт шапшандықты талап етеді. Жыраулардың даналығы да сол қысылшанда жұрты үшін жол таба білуінде жатыр. Олардың жырларының өміршеңдігі дана ойлармен бірге басына түскен ситуацияны тез аңғарып, киып түсер қыран сөзді дөп айтуында. Сөйтіп, олардың сөзі қалың қолдың жығылмас туына, жеңіске бастар ұранына айналып отырған. Сондай қайсарлық қасиетін тап басып таныған хандар жырауды үнемі жанында ұстап, жорық тұсында томағасын сыпырған қырандай жауға қарсы аттанған қалың қолдың алдына салған.

Жыраулардың бұл қасиетін біз жорық үстіндегі жырларынан танимыз. Доспанбет жыраудың аз ғана тобы (33 адам) қалың жауды жарып шығуы, сол дода айқас үстінде жыраудың қолындағы қамшысы түсіп қалып, «Қамшының қолғамасы алтын, сабы жезді, өзегі бұлан терісі, өрімі өгус қайсы» (бұл келтірген жыр жолдары ноғай варианты) деп сипаттап, сол қамшы үшін кейінде қалған жауға жалғыз өзі қайта шабуы ерен ерлік, көзсіз батырлық емес пе! Пәлен жерден жарадар болса да қайсарлықпен қалың жаудың ортасына қайта кіріп, олармен алыса жүре қамшысын алып

шығатыны жыраудың қас батыр екендігін танытады. Әрине, ажалын өзі сұранып алса да өлер алдындағы сөзі қандай сұңғыла! Көркемдігімен көз тұндырады, көңіл тербеп, жүрек толқытады. Сол бұла батырлықпен көзсіз айқасқа түспесе мынандай ғаламат сөздер артында қалмас та еді.

*Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты! —*

деп келетін жыр жолдары сөз гауһарындай көз тұндырар көркемдігіне қоса ақ алмастай жарқылымен ғасырлардан көктей өтіп келгендігін танытпай ма?

Болмаса бертіндегі Ақтанберді жыраудың қазақтың бас батырының бірі Қара Керей Қабанбаймен үзеңгілесе қатар жүруі ол қысылғанда бұл қысылмай, семсер сөзді жарқ еткізіп, сондарына ерген сарбаздарын асыл ойдан атқыған жыр отына суарып, болаттай бекіндіріп талай қоршауды бұзып шығуға бастауы, өздерінен сан жағынан әлдеқайда басым дұшпанына қарсы дүрсе қоя беріп жеңіп шығуға жетелеуі осалдық болмаса керек. Тәттіқара жырау Цин династиясы кезіндегі шүршіттердің қара құрттай қаптаған қалың қолына қарсы Абылай ханның жанында қылышты тең сілтесіп жүріп, сасқан кезде бой тасалаған ханды әжуалаған сөзі оның жыраулығына қоса нағыз қайтпас батыр екендігін танытады:

— Ер Абылай қорыққан жоқ.

Әншейін еңкейе беріп жылысты! — деп Тәттіқара айбыны Алатаудай ханның өзін сескенгендігі үшін сөзбен жазалап, ажуа етіп тұр.

Үмбетай жырау да Қанжығалыдан шыққан шок жұлдыз батырлардың (Бөгенбай, Жантай, Досай, Атан) үзеңгілес, қарулас жорықтас достары. Соғыста жүріп, достарының ерлігін жыр еткен батыр жырау. Осындай батырлық бейнені тек жыраулардан ғана көруге болады.

Жанағыдай ұлы жыраулардың әрқайсысының тұсында тарихи тарлан тұлғалы билеушілер, бағын айкастағы жеңіске теліген арыстан жүректі батырлар тұратынын байқаймыз. Мысалы — Сыпыра жырауды айтсақ

Токтамыс хан мен Едіге қатар тұрғанын байқаймыз; Асан қайғыны айтсақ Жәнібек хан алдыңнан шығады; Қарға бойлы Қазтуған да солай; Доспанбеттің ерлігі тіпті орасан; Шалкиіз – Темір би (ноғайлының ұлы билеушілерінің бірі); Жиенбет жырау Еңсегей бойлы Ер Есімге қарсы айбат шегеді; Тәттіқара мен Бұқар жырау ұлы хан Абылайдың жанында; Ақтанберді мен Үмбетей жырауды жоғарыда айттық; Махамбет Жәңгірханға қарсы алмас қылыштан да өткір найзағайша жаркылдаған сөзін сермейді. Тарихтағы данкы асқан жыраулар, міне солай болған. Солардың данқына қызыққандар кейіннен өздері ұнатқан акындар мен жыршыларды сол асылдарға тенеп «жырау» атандырып жүр.

Жыраулардың өзге акындардан тағы бір ерекшелігі – олардың кесімді, шешімді сөздері – ел билеген билердің айтқырлығына ұқсайды. Немесе, осы ойымызды жыраулар дәуірі заман көшінен алыста калып, билер, шешендер бертінге дейін болғанын ескере отырып керісінше айтсақ, хан алдында немесе қанды оқиғаға ұласқан дау тұсында батыл да батыр, бет-жүзін демей шындықты тіліп айту, сөйтіп, елді біріктіру, ханды қаһарынан қайтарып, токтату – сол ұлы жыраулардан кейінгі билерге үлгі болған тәрізді. Жыраулардың сол үлгісіне жоғарыда айтылғандай Жиенбет жыраудың Еңсегей бойлы Ер Есімханға айтқан катал да қаһарлы сөздерін айтар едік. Әділдік үшін ажалдан тайсалмай қаһарлы ханға қарсы басын бар, көзін бар демей төпелеп айтып тастау айбынды жыраудың ғана қолынан келіп тұр. Олар айтқан айбынды сөз, философиялық кесек ой түйіндері халықты сүйсіндіріп отырған. Сондықтан да олардың сөздері есімдерімен бірге ғасырлардан ғасырларға ұласып, жеті ғасыр өтсе де (Сыпыра жыраудан санағанда) біздің заманымызға келіп жеткен.

Жорық үстіндегі әлгіндей айтқырлығы, алапат қимылы олардың айбарын асырып, беттілігін беркіндіріп берген, бейбіт күндерде де айтқаны асқақ, алдына қарсы жан келмеген. Хандардың өзі уытты тілден тайқаксып отырған. Сондықтан да хан сарайындағы соңғы шешуші сөз сонікі – жыраудікі. Екі ел арасындағы дау, бетінен қайтпайтын

қыныр хандарды тоқтату тұстарындағы бұлтартпас бітім, тоқтамға келтірер топшылы сөз айту тұсында олардың тұлғасы биіктей түседі. Бүкіл ел болып тоқтата алмай, жүгін кемеге тиеп қойған ноғайлының әміршісі Темір биді қажылық сапардан тоқтатуға Шалкиізді алдырып, соның сұңғыла сөзін төкпектетіп барып қыңыр билеушіні тоқтамға келтіру тәрізді. Немесе ормандай көп орыспен соғысам деген айбынды Абылай ханды Бұқар жыраудың бар айыбын бетіне басып, арыстандай ақырған Абылайды тәубаға келтіре тоқтатуы, сөйтіп, елін қырғыннан аман сақтап қалуы сияқты.

Бізге сөзі жеткен оннан астам жыраулардың ақындардан дараланар ерекше қасиеттері осындай. Сол ақылды, айбарлы сөз, саналы да сардар мектептің ақыры Махамбет дер едік. Оның туындыларының өлең өлшеміне келе бермейтін сыртқы формасы да, батыл айтқырлығы да, жорық жолының ерлігі де, - бәрі өзінен бұрынғы батыр жырауларға келіп тұр. Осы күрескер ақынның халық қамы үшін отқа түсіп, от ауызды, орақ тілді өткірлік көрсетуі әлгінде айтқан жыраулар мектебінің бір негізгі белгісі.

Бірақ Махамбет өзін жырау деп атандырмаған. Оның үзентілесі Шернияз ақын да тайсалмас, тіліп түсердің өзі. «Шағырмақбұлт жәйтастар деп жырлаған Шалкиіз жырының жалғасын Шернияз айтып тұрғандай болады. Бірақ ол да өзін жырау атандырмаған, немесе елі олай атамаған. Бәлкім, ол жыраулардың жоғары бағаланар кезі қадір-қасиеті әлі ұмыт бола қоймаған әділдігі басым кезен болар.

Ал, төкпе ақындыққа келсек Шортанбай, Мұрат, Дулат ақындардың жырлары кімнен кем? Бірақ олар да жырау делінбейді. Ойымызды бұлай сабақтауға мына бір фактілер итермелейді. Қазақтың өлең өнерінде, жыр әлемінде «Базар жырау», «Мұрын жырау» тағы басқа жырау атанып жүргендер бар. Және солардың қатары көбейіп барады, көбейе түсуде. Осы жайлы айқындық керек сияқты. Сол жансақтық көбіне белгілі бір ақын немесе жыршы жайлы мақала жазып отырған ғылыми қызметкер, не бір журналисттерден кететін әбестік. Әдебиетшілер де көп ойланбастан өзі атын атап отырған